Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ / HISTORY OF JOURNALISM / ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

ҒТАМР 17.71.91
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-180-198

Фольклорлық ақпараттың мәні мен маңызы

Медеубек С.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: medeubek.s.agat@cmail.com)

Аңдатпа. Бұл мақалада автор бұған дейін фольклортану, ақпараттану бағытында сөз болмаған тың тақырып төңірегінде ой қозғайды. Тұңғыш рет «фольклорлық ақпарат» деген терминді ұсынады да, оның табиғатын ашады. Фольклорлық ақпараттың халық жадында сақталуын, жанрлық-стадиалық бөлінісін, мазмұндық-пішіндік сипаттарын, атқаратын қызметіне қарай түрленуін тұңғыш рет ғылыми негізде айқындайды.

«Мифтік ақпарат», «ертегілік ақпарат», «хикаяттық ақпарат», «әфсаналық ақпарат», «аңыздық ақпарат», «өлең-жыр ақпараттары» деп жанрлық-стадиалық болмысына қарай жіктеп алады да, содан кейін мазмұндық-пішіндік және атқарымдық (функциялық) ерекшеліктеріне қарай «мерзімдік-мезгілдік яғни уақыттық ақпарат», «мекен-тұрақтық яғни кеңістіктік ақпарат», «мінез-құлықтық ақпарат», «сипаттамалық-суреттемелік ақпарат», «сандық ақпарат», «кейіпкерлік ақпарат» т.б. деп салалап алады да, әрқайсысына нақты мысалдар келтіре отырып айқындама береді.

Мақала фольклортанушылар үшін де, журналистика, замансөз зерттеушілері үшін де қызықты.

Түйін сөздер: фольклор, ақпарат, миф, ертегі, аңыз, өлең-жыр, мезгіл, мекен.

Кіріспе

Фольклортану ғылымы сан ғасырлық амалиатқа (практикаға) сүйене отырып, назариалық (теориялық) тұғырын үнемі жаңғырту арқылы әлемдік кеңістікте мәуелі таным саласына айналды. «Мәуелі» дейтін себебіміз, фольклорды тек сөз өнерінің сан саласына қатысты зерттеу ғана емес, өзге ғылым салаларына да байланысты зерттеу тың тұжырымдар мен қортындыларға жол ашып келеді. Оны әлеуметтанушылар да, философтар да, әдебиеттанушылар да, тарихтанушылар да, этнографтар да, музыкатанушылар да, мәдениеттанушылар да, өнертанушылар да, психологтар да, тілтанушылар да, тіпті ауылшарушылығын зерттеушілер де өз салаларына қатысты ғылыми ойына тайаныш ретінде пайдаланады. Әйтсе де фольклордың журналистикаға, замансөзге қатыстылығын ақпараттық таным тұрғысынан саралап көру қазақ фольклортанушылары тарапынан қолға алынған емес. Бұл бағыт шындығында фольклорлық жаратындылардың өзіндік болмысына жаңаша баға беруге жетелейді.

Деректер мен мағұлыматтарды қолдану мәдениеті биіктеген бүгінгі заманда ақпараттың атқарар қызметіне, тарихи тамыры мен табиғи болмысына ғылыми таным тұрғысынан баға беру – фольклортану ғылымында, замансөзтану ғылымында, тіпті ақпараттану ғылымында да өзекті мәселе.

Ғалымдардың анықтауынша, фольклор әу бастан-ақ адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен, кәсібімен, шаруашылығымен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен бірге өмір сүрді де уақыт өте келе сөйлеу машығы пайда болып, өзіндік қызметі айқындалған соң тікелей тілге қатысты дамыды да ауызша сөз өнерінің бастамасы және сол бағытта өркендеген үлкен құбылыс ретінде айқындалды.

Осы мәселеге тереңірек мән бере қарасақ, фольклор деп аталатын сөз өнерінің «бастапқы қызметі не еді?» деген сұрақ туады. Шындығында сөз өнерінің ең бастапқы қызметі не еді? Көңіл көтеру ме, әлде хабарлау, ақпарат беру ме? Біздіңше тілдің ең алғашқы әуелгі қызметі тұрмысты, кәсіпті, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді ұлықтау емес, әлдене туралы хабарлау, басқаша айтқанда бір нәрсеге қатысты ақпарат беру болатын. Ол ақпаратты қыймылмен де, дыбыспен де, бейнемен де беріп келген homo sapiens тіл байда болған соң сөзбен таратуға көшті. Демек, фольклордың алғашқы бастапқы атқарымы – ақпарат тарату болатын. Басқаша айтсақ ақпараттар әр түрлі жолмен айтыла, таратыла келе уақыт тезінен өтіп, санаға орныққан соң ғана фольклорға айналды. Сондықтан да кез келген фольклорлық туындының өне бойында әр түрлі қызмет атқаратын сан алуын мазмұн мен пішіндегі ақпараттар міндетті түрде бірге өмір сүреді. Қоғамдық санаға ақпарат тарату арқылы қозғау салу да фольклордың басты атқарымдарының бірі болатын. Біз осы қыйсын айасында сөз қозғаймыз.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында жалпы фольклортану ғылымында бар әдістер қолданылды. Тарихи-типологиялық әдіс арқылы фольклорлық ақпараттың сатылық-стадиялық өзгеру кезеңдеріндегі түрленуіне назар аударылды, сөйтіп, мифтік сана

тудырған, фольлорлық сана жаратқан, тарихи кезең дүниеге әкелген ақпарат түрлері екшелді. Салыстырмалы-типологиялық әдісті қолдану нәтижесінде ақпараттардың мазмұндық-пішіндік ерекшеліктері сараланды. Функционалдық, яғни атқарымдық-қызметтік болмысты саралау әдісін пайдалану барысында ақпараттардың атқарар қызметіне қарай бөлінісі бағамдалды. Ал енді санамалық (статистикалық) әдісін қолдану арқылы фольклорлық ақпараттардың сандық сипаттарын айқындадық. Жүйелеу, салалау, жинақтау, тұжырымдау және қорытындылау әдістері ғылыми ойды тианақтауға септігін тигізді.

Зерттеу затындары

Таңдап алынған тақырыпты зерттеуге қажет болған затындарды (материалдарды) екі бағыт бойынша пайдаландық. Бірінші бағытта назариалық (теориалық) танымға көмектесер ғылыми еңбектердегі өзімізге қажетті пайымдарды керегімізге жаратуға тырыстық. Бұл тұрғыда В.Я. Проптың, Б.Н. Путиловтың, С.А.Қасқабасовтың, К. Матыжановтың, А.К. Байбуриннің, С.Ю. Неклюдовтардың фольклортану бойынша тақырыбымызға қатысты тұжырымдарына арқа сүйедік, қажетті жерде тілге тиек, ойымызға тұғыр еттік. Екінші бағытта, амалиаттық (практикалық)тағылымға сүйеніп, назариалық тұжырымдарымызға дәлел боларлық затындарды әлемдік мифологиялық жаратындылардан және фольклорлық туындылардан қажетімізге қарай екшеп алып, пайдаландық. Сонымен бірге заманауи технологиялық ақпарат көздерінен де тиісті дерек, мәлімет, дәйек таптық.

Талқылау

Мән бере қарамайтындар мен бағаламайтындар әдетте «фольклор қазір жоққа тән» деп ұғады. Бірақ, өздері күнделікті тұрмыста фольклорлық санамен өмір сүріп жүргенін аңғармайды. Таң ертең асқа отырғанда дастарханға ықылас жасайды, жүрек жарды сөзін айтады, тілек тілейді. Осы тілегінің мәтіні үнемі қайталанады, кейде арасына жаңа мәтіндер қосылады; таныс адамына жолыққанда амандық-саулық сұрайды, әдеттегі қалыптасқан, үнемі қайталанатын амандық білу сөздерін айтады; кейін жағдайға баланысты тың сұрақтар қояды. Ол келесіде қайталанбайды; жақынын туған күнімен құттықтайды; тойға тілек білдіреді; қайтыс болған адамның қара жамылып отырған жақынына ата-бабаларынан бері жадында сақталып келе жатқан жұбату сөздерін қосып көңіл айтады; игілікті іс бастарда бата сұрайды, бата береді; біреудің немесе өзінің басынан өткізген оқиғаны басқаға әңгімелейді; баласына тақпақ үйретіп, жаттатып, айтқызады; көнеден келе жатқан халық әнін шырқайды; әлеуметтік желідегі аңыздар мен хикаяттарды оқып алып өзгеге айтып береді немесе ватсаппен жақындарына таратады; мақалдап, мәтелдеп сөйлейді; реті келгенде жұмбақ жасырады; балаларына жаңылтпаш айтқызады; т.с.с. Осы әрекеттердің бәрінде адам белгілі бір деңгейде өзгеге мазмұндық-пішіндік болмысы әр алуан ақпарат таратады.

Егер біз фольклорды бір ғана сөз өнерімен ғана шектемейтін болсақ, онда сөзді айтуға себепкер болған әрекеттерді, ым-ишара-ишараттарды, дыбыстауларды, бейнелеулерді, тіпті айту ғана емес, кілемге тоқылған, текеметке басылған, сырмаққа сырылған, тасқа бәдізделген, ағашқа оймышталған, алтынға апталған, күміске күптелген, темірге тапталған, теріге бедерленген, қаңылтырға шекімеленген, керегеге шыймайланған жазуды да фольклор деп атауға тиіспіз. Сол жазылғандардың өзегінде де ақпарат болмай қоймайды.

Фольклорлық мұраны сақтаушы, таратушы, жалғастырушы санатында әр адам фольклордың өмір сүруіне ықпал етеді. Фольклорлық мұра адамдар арасында қолданыста болғанда ғана ол өз болмысын сақтайды, жаңғыртады, дамиды. Айналымға түспесе, пайдаланылмаса, ол өлі мұраға айналады. Демек, фольклор дегеніміз әр түрлі жолдармен адамнан адамға беріліп, айналымға түсетін халық мәдениетінің алуан түрінің ақпараттық жыйынтығы. Олай болса, ол – халықпен бірге жасай беретін және үнемі жаңғырып, мазмұнын сақтаса да пішінін жаңартып отыратын құндылықтар қосындысы. Бұл тұста Б.Н. Путиловтың: «фольклорға сөзде, ой-пыйғылда, көрсетімде, дыбыстауда, қыймылдауда, әрекеттерде жүзеге асатын дәстүрлі рухани мәдениеттің барлық кешені жатады» дегеніне де, «фольклор саласына ауызша (вербальды) рухани мәдениеттің саналуан құбылыстары мен фактілері жатады» [Путилов 1994: 23-24] дегеніне де назар аударуға болады.

Фольклорлық ақпараттың атқаратын қызметі замансөз ақпаратындай нақ осы шақтықты, лездікті, нақтылықты, анықтықты, шынайылықты, дәлдікті қажет етпейді. Ол пайда болғаннан бастап айтушы мен тыңдаушының танымы мен талғамына қарай сана сүзгісінен өтіп барып ұрпақтан ұрпаққа ауыса береді.

Фольклорлық мәтін мен өмірлік ақпараттар қаншалықты сәйкеседі деген сұраққа фольклортанушылар көптен бері жауап іздеп келеді. (В.Я. Пропп [2021: 3-5] и Б.Н. Путилов [1994: 3-4]. Бұл өзі – қызық тақырып. Өмірлік ақпараттар мен батырлар жырындағы немесе ертегідегі ақпараттар бірдей болуы мүмкін бе? Егер бірдей болмаса, онда фольклордағы оқиға несімен тартымды? Өмірде болған, бірақ деректері мен айғақтары ұмытылған тарихи шындықтардың фольклордағы баяндалуында қандай ақиқат бар? Әсте, фольклорда өмірде болған тарих сол күйінде қайталанбайды. Есте жоқ ескі заманда болыпты-мыс деген оқиға идеяға бағындырыла көркем сипатталады да ұрпақтың санасына қозғау салып, жанын тебірентеді. Сол үшін де халық фольклорлық жаратындыларды бірінен бірі іліп әкетіп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырады. Қалай? Қайтіп? Міне, осы сұрақтарға жауап іздегенде фольклорлық ақпараттың бір сыйқыры барын естен шығармау керек. Ол сыйқыр ауызша айтылуында жатыр. Ауызша айтылатын ақпараттардың қатысымдық (коммуникативтік) белсенділігін, тартымдылығын, нақ осы шақта айтылып, тыңдалатынын ескерсек, (басын бастап қойып, соңын кейін айтпайды, бастаған соң міндетті түрде аяқталғанша үзбей айтады) уақиға баяғыда емес дәл осы қазір болып жатқандай қабылданатындығы рас. Оның үстіне айтылымның пәрмеңділігі, ықпалдылығы айтушыға да, тыңдаушыға да байланысты болатыны – фольклорлық ақпаратқа тән сипат.

Бұл тұста фольклорлық ақпараттың ғасырлар бойы әр ұрпақтың жадының сүзгісіне, танымының таразысына салынатындығын, осы сүзу мен таразылау барысында

мәтіндегі ақпараттардың өңделетіндігін, сығымдалатындығын, сөйтіп қоғамдық сананың қабылдау сынынан өтетіндігін ескермей баға беру, қорытынды жасау – асығыстық болады. Мұндайда алқаманның фольклорлық ақпаратты қабылдау қабілет-қарымын да есте ұстаған жөн. Фольклорлық ақпаратты қабылдаған қоғамдық сана оны өзінің қажетіне қарай қайта айтқанда мәтіннің пішіндік өзгеріске түсетіндігі, сөйтіп бір оқиғаның желісі бірнеше нұсқада пайда болатындығы да (нарратив) халық мұрасының ауызша жаратылып, ауызша таралуының өзіне тән табиғи заңдылығы екендігі де – есте ұстарлық шындық. Осыған байланысты С. Қасқабасов «Ертекші және оның мәтіні» деген мақаланың төлиесі В.М. Гацактың бір ертекшіден әр кезде жазып алынған бір ертегінің әр түрлі нұсқасын салыстыра зерттегенде жасаған: «... ертегіні қайта айтқанның өзінде де ертекші сол қаһарманды өзгертпейді. Сондай-ақ, ертекші сюжетіне де ешбір сапалық өзгеріс енгізбейді» деген қорытындысына орай: «Ал енді осы қорытынды қазақ ертегілеріне, ертекшілеріне сәйкес келе ме?» деген қарсы уәжді сұрақ қойады да бұл да алдағы зерттеушілердің назарында болатын ғылыми нысан екенін айтады. (Қасқабасов 2009:113) Шындығында, фольклордағы айтылған ақпараттар ешбір өзгеріссіз сол қалпы қайталануы, тасқа басылған мәтіннен ауытқымауы жазба мәдениетпен сусындаған елдің салтында болар. Бірақ, қазақ секілді ауызша айту машығымен ауызданып, сол машықты биік өнер деңгейіне көтерген халықтың ертегілері мен жырларының өзін дәл сол қалпы қайталап қана қоймай, көркемдік сапасын арттыру үшін өз жанына кейіпкер де, оқиға да қосатыны – табиғи әдет. Тағы бір назарда болатын ақиқат – бұрынғы фольклорлық жаратындыларды айтушыдан жазып алғандар тек оның қарыптік нұсқасын ғана қағазға немесе дауысын ғана таспаға жазып алды. Негізінде ауызша туған жаратындының ауызша айтылып жатқандағы айтушының қыймыл- қозғалысы, тыныс алуы мен дем алуы, ым-ишаралары жазылмай қалады. Сондай- ақ, айтушы мен тыңдаушы арасындағы қашықтық та ескерілуі тиіс. Олай дейтініміз алыста тұрған айтушы ақпаратының тыңдаушыға ықпалы жақын отырып айтқан айтушы ақпаратының әсеріндей болмайды. Жақын жерде шабыттана айтып отырған айтушы мен жан тәнімен біріле тыңдап отырған тыңдаушы арасындағы биоөрістік алмасу ақпараттың әсерлілігін арттыра түседі. Ауызша айтылған мұраның бұл белгілері көрген немесе естіген жанға болмаса, басқаға сол қалпында дәл жетпейді. Сөйтіп, зерттеушілер фольклорлық ақпараттың тек тасқа басылған қаріптік жазынын немесе таспаға түсірілген дыбыстық айтынын ғана қанағат тұтады. Соның салдарынан ауызша айтылған фольклорлық ақпараттың өзіне тән ерекшелігі зерттеушілер тарапынан толық ашылмай қалады.Бұдан өзге фольклорлық туындының табиғатына тән және оны зерттеуге тиіс тағы бір құбылыс қазақ фольклортанушыларының назарына тыс қалып келеді. Бұл фольклордың жиналуы жариалануына да қатысты. Бұрын айтылып кеткен жаратындыны кейінгі ұрпақ өз замандастарына айтады. Әлбетте ол бұрынғы айтылған ақпараттарды сөзбе-сөз, дәл сол қалпы, түпнұсқадан айнытпай айтпайды. Есінде сақталғанын ғана жеткізеді, болмаса өз тарапынан тағы да жетілдіре баяндайды. Міне, осы кездегі ақпараттық өзгерістер заман өзгеріп, құндылқатар ауысқан кезеңдерде үнемі жаңғырып отырады. Демек, фольклордағы ақпараттық жаңғыру да арнайы зерттеуді қажет етеді. Тағы бір назарда ұстайтын және арнайы зерттеу нысанына айналдыруға болатын фольклорлық

ақпараттар қызметінің бірнеше құрамдатын (компонентін) атап өткен абзал: а) жаратылыс, адам мен табиғат, адам мен қоғам, жанды және жансыз әлем сырларынан хабардар ету, яғни дүниетанымдық қызметін; ә) әрекетке ұмтылдыру, нәтижеге жетуге жұмылдыру, яки прагматикалық қызметін; б) сұлулық сырлары мен сипатын ұғындыру, басқаша айтқанда, эстетикалық қызметін; в) жақсыны үйрету, жаманнан жирендіру, өнеге беру яғни этикалық қызметін зерттеу қызықты да қажетті деп білеміз. Жоғарыда айтылғандардың арасынан фольклорлық ақпараттың әрекетке ұмтылдыру, нәтижеге жетуге жұмылдыру, Ахмет Байтұрсыновша айтсақ, «әлеуметке дегенін істетуге» (Байтұрсынов 1989:223)жетелеу қызметін замансөз (публицистика) атқарымымен (функциясымен) байланыстыра қарастыру арқылы да фольклор табиғатын тани түсеріміз анық.

«Фольклордағы «тарихи жад» туралы жазбалар» деген зерттеуінде С.Ю. Неклюдов былай дейді: «Өзімізге бұрыннан белгілі, фольклорлық мәтінге «ежелгі дәуірлердің жаңғырығы» деп қарау ғылыми фольклористика туа бастағаннан-ақ бар болатын. Алайда, неғұрлым алыстаған сайын, дәстүр бізге өткен өмір туралы ақпарат беріп қана қоймай, көбінесе мифологиялық тамыры бар қоғамдық сана матрицасын жеткізетіндігі соғұрлым айқындала түседі (анығырақ айтқанда, матрица деректері бойынша бейнелі түрде сұрыпталған және құрылымдалған тарихи естеліктер. (Неклюдов. 2007: 77- 86) [салыстырыңыз: Байбурин, 1983:8; Левинтон 1984: 231-232] Шындығында,

«Махабхаратадағы» Құрықшатыр майданы, «Илиададағы» Троян шайқасы, армян эпостарындағы Халифатқа қарсы Сасун көтерілісі, қазақ батырлық жырларындағы қалмақтармен айқастар, т.б. бір замандарда өмірде болған тарихи оқиғалардан елес берсе, кейбір кейіпкерлердің аты тарихта болған тұлғалардың есімін (Қобыланды, Абылай, Жәнібек, Райымбек, Жиренше, т.б.) еске түсіреді. Фольклорлық ақпаратардың болмысында бір ғана оқиға емес сол секілді сандаған типтік оқиғалардың жиынтығы, бір кейіпкер емес, соған ұқсас ондаған кейіпкердің типтік бейнесі тұратындықтан да олар өміршең. Яғни бір-біріне ұқсас кішігірім бірнеше ақпараттың бір арнаға тоғыстырылуынан типтік ақпарат пайда болады да ол шындық санатында қабылданады. Ертегідегі, хикаядағы, хикаяттағы, әфсанадағы, аңыздардағы ақпараттар – талай жерде сан мәрте қайталанған, сан ұрпақ басынан кешірген ұқсас оқиғалардың бір арнаға тоғытылған тұнбасын айқындайды. Ол тұнба – айтушының тыңдаушыға жеткізбек болған негізгі ойы, түпкі идеясы. Осы негізгі ой, түпкі идея желісіне тізілген ақпараттар тізбегі бірінен соң бірі тыңдаушыны қызықтырады. Фольклорлық ақпараттар адамның сеізіміне, жан дүниесіне ықпал еткеннен бұрын, оның санасына, ақылына әсер етуді көздейді. Сезімге бөлегеннен бұрын, ойландырғанды мұрат тұтады. Сүйсінткеннен бұрын таң қалдырғанды, тамсандырғаннан бұрын ақылға салдырғанды құп көреді. Эстетикалық тағылым екінші орынға шығады да, ақпараттық таным бірінші орынға көтеріледі. Ондай фольклорлық ақпараттар атқаратын қызметіне, мазмұндық ерекшелігіне, қай жанрдағы қолданылысына қарай ерекшеленеді.

Фольклорлық ақпаратты жанрлық-сатыланбалық (стадиалық) қолданысына қарай мифтік ақпарат, ертегілік ақпарат, хикаялық ақпарат, хикаяттық ақпарат, аңыздық ақпарат және тарихи аңыздық ақпарат, өлең-жыр ақпараттары деп бөліп қарастыруға болады. Мифтік ақпарат – алғашқы қауымдық сана тудырған көп құдайға иланған

және дүниедегі бар нәрсенің бәрі жанды; олардың әр қайсысының өз жаратушысы бар; адамның жаратушысы да табиғат; құс та, аң да адам секілді ойлай алады, сөйлей алады, көзге көрінбейтін құдыретті күштің жаратындысы деп сенген ұғымнан туған, санада бар, өмірде жоқ дәйексіз, дерексіз мәліметтер жыйынтығы.

«Сүлеймен мен диханшы» деген новеллалық ертегінің кейіпкері Сүлеймен патша құс атаулымен тілдесіп қана қоймайды, бидайдың тұқымымен де, сумен де, жермен де сөйлеседі, тіпті желге мініп алып барар жеріне әп сәтте жетіп барады. (Бабалар сөзі. 2011: 231) «Алпамыс батыр» жырында: «Байшұбар аттың өзінің уәдесі бар еді – «мені құйрығымнан тартып тұрғызған ер мінеді» деген. Сол уәдесі есіне келді. «Маған ие болуға жарайтын адам екен» деп тұрып қалды» деген сөйлемдерден мифтік санадан қалған ұғым көрініс береді. Яғни жылқы адам секілді ойлайды, өткенді есіне алады, сөйлейді. Тылсым күшке илану да, құдайдың ісі, пірлердің күші деп ұғу да фольклордағы мифтік ақпараттардан табылады. Қол, аяғын төрт қазыққа байлап тастаған Қаражан пірлеріне сыйынғанда «құлағына бір дауыс келеді. «Бұл не екен» деп тыңдап қалса, ғайыптан «Алла» деген дауыс шығады. Құлағын салыңқырап тұрса, басында сәлдесі бар Қызыр келеді де Қаражанның сәлемін алады. «Сол жерде жеті кәміл пірлері Қаражанның байлаулы қолын шешеді» (Батырлар жыры. 1986: 30)

Жапондардың сакура туралы ертегісінен де мифтік ақпаратты танимыз: бірнеше ғасыр бойы арғы ата бабаларынан бері үзіксіз өсіп келе жатқан Йу-Року-Сакура атты алша ағашы бабалар дәстүрін жалғастырып келе жатқан атақты самурайдың ауласында өзге алшалар секілді әдеттегідей көктем шыққанда гүлдейтін. Бір жылы күтпеген жағдайда өзі баптап жүрген сакура суалып, өлуге айналыпты. Оның қайғысына шал да шөгіп, о дүниенің алдында жатыпты. Мұның шерін білген көршілері жас сакура әкеліп, әлгі кәрі сакураның қасына егіпті. Шал разы болғансып рахмет айтқанымен, көнеден келе жатқан сакураның өсуін тоқтатқаны қабырғасын қайыстыра түседі. Бір сәтте ол қайта тірілтудің амалын тапқандай қуанады да қураған сакураның қасына келіп: - Өтінемін, менің тілегімді қабылдашы! Сенің орныңа мен өлейін. Сен қайта гүлдеші, өтінемін...», - деп жалбарынады да ағаштың түбіне ақ матаны жайып, үстіне жатып, самурайлар салтымен өзіне өзі харакири жасайды. Шалдың тәні өліп, жаны сакураның діңіне еніпті де сол сәтте-ақ бүршік жара бастапты. (Херай. 1991: 51.) Мұндағы мифтік ақпарат – шалдың жанының ағаштың жанына айналуы...

Қытай мифтеріндегі ақпарттар да көңіл аударуға тұрарлық. «Көне қытай мифтік-аңыздары жеткілікті мөлшерде қамтылған, он сегіз томнан тұратын, біздің күнге дейін толық сақталған жалғыз шығарма «Тау мен теңіз кітабында (Мәсімхан. 2014: 292) жан-жануарлар мен тау тас, өзен көлдердің және ерекше жаратылған өсімдіктердің сипаттамалары жазылған. Ол сипаттамаларда мифтік ақпараттар мол. Айталық, «... ол қара денелі, екі басты адам болды, оның әрбір басында бір жыланнан болды: сол құлақта – жасыл жылан, оң құлақта – қызыл жылан»; немесе: «... солтүстікке қарай он күндік жолда қара денелі және беттері адамдікі секілді адамдар тұрды, олардың әрқайсысының бастарында бір тасбақадан болды»; болмаса: «... Цюн-ни (кейіпкер) жолбарысқа ұқсайды, бірақ оның қанаттары бар еді, адамдарды басынан бастап жейді екен, олар (адамдар) одан (қанатты жолбарыстан) өз шаштарының арасына тығылып жасырынады»

(Мәсімхан. 2014: 293) Бұл мифтерде айтылған ақпараттар бертіндегі мифтік түсінікті тани бастаған санадан туған секілді. Өйткені, онда адамдар жылан құлақты, бақа басты, жолбарыс кейіпті болып келеді. Демек, байырғы, көне мифтегідей тастың я ағаштың я аңның бар болмысымен адамға айналып немесе керісінше адамның солардың кейпіне түгел ауысып кетуі емес, мұнда адамның өзі бар да оның құлағы немесе басы я басқа мүшесі ғана аңдыкіне ұқсатылады. Бұл ақпараттардың да қоғамдық сананың белгілі бір дәуірдегі деңгейін танытары сөзсіз.

Ал енді қазақ фольклорына келсек, біз тарихи жырлардан да мифтік ақпараттарды кездестіреміз. Өйткені, «осы күнге жеткен дәстүрлі фольклорлық шығармалардың көбісі – сол бұрынғы фольклордың негізінде туып, солардың жұрнағын сақтап қалған» (Қасқабасов 2009:171). «Еңсегей бойлы Ер Есім» атты тарихи жырда әкесі темірден сарай салдырып, соның ішіне ешкім, ешнәрсе көрмейтіндей, тимейтіндей жабық қапаста ұстаған қызы «күндердің бір күні темір үйдің ішіне иненің жасуындай тесіктен күннің сәулесі түсіп, ...бойы соған балқып кетіп, жүкті болады». Ал енді Алладан бір перзент сұрап жер жаһандағы әулиелерді аралап келе жатқан хан Тәуекел Қарадарияны жағалап келіп тоқтап, астындағы байталын отқа қойғанда әлден уақта дариядан кеудесі жылқы, басы адам бір хайуан (қытай мифтеріндегі екі құлағында екі жыланы бар адамды; басында тасбақа бар адамды, қанатты жолбарысқа ұқсайтын адамды еске алыңыз) келіп жеті жыл құлындамаған тұл бедеу байталына келіп артылады. Бәрінен күдер үзіп, енді Меккеге бармақ болған түні Тәуекел түс көреді. «Түсінде аспаннан нұр түсіп, бәйбішенің етегіне кіріп, нұр қайта көкке шығып, ай болып туып, бара-бара оншақты ай болып бытырап кетеді». Бір кездерде Қашқардағы Аппақ қожа Ешен ғайыптан келіп көзге көрініп, «еңбегің жанатын болды» деп арқасына қағады. Әлгі байталға шапқан кеудесі жылқы, басы адам хайуанның су тұлпары екенін айтады. Одан туған құлынды ханның ұлы мінетіндігін хабарлап және «Есім қой атын балаңның» деп жоқ болады. Айтқаны айдай келеді. (Бабалар сөзі. 2009: 118,132,134,135) XV ғасырдың басында өмір сүрген және Қазақ хандығының негізін қалаған әйгілі Жәнібек хан туралы көлемді жырда кездесетін мифтік ақпараттар да назар аударуға тұрарлық:

1. Жәнібек туа салып күн санап өседі. Жырда оның бір жастан он екі жасқа дейінгі өсуі ересен.

2. Жекпе-жекте Жәнібек он екі батпан күрзі басына тигенде шыбын шаққандай көрмейді. Содан кейін өз кезегінде ақ семсерімен Сәмәндүн дәуді басынан ұрып ат-матымен қақ жарып түсіреді. Комадин дәуді ат үстінен жұлып алып аспанға атып жібергенде дәу Қарабек ханның алдына борша-борша болып шашылып түседі.

3. Қалмақтың Қаракөбек, Аққөбек деген екі дәуі Әзіреті Сұлтан шын әулие ме, әулие емес пе деп сынамақ болады. Сөйтіп екі дәу: «Әулие, сен ұры екенсің!» дегенде Әзіреті Сұлтан әулие үйден атып шығып: «Өздерің сойып, маған жала жауып тұрсыңдар, екеуің екі ит бол, ұлығанда дауысың күндік жерге, қадамың түстік жерге жетсін. Дауысың жеткен жерде заһар болып, қыбырлаған жан қырыла бастасын, атса мылтық, шапса қылыш өтпесін» деп бата бергенде әлгі екеуі шынымен де екі ит болып бір төбенің басына барып ұлығанда дауысы жеткен жердегі жан-жануардың бәрі қырыла бастайды.

4. Жәнібек Мақпалды құтқаруға келгенде алдынан адамнан итке айналған Аққөбек пен Қаракөбек арындап келе жатады. Сол сәтте қарт Қазығұрт тауы Жәнібекке жәрдемші болып, Аққөбектің алдын, кейін қашса артын отпен орайды да ақыры өртке күйдіріп өлтіреді;

5. Қаракөбекке Жәнібек қабырғадан қырық атады, омыртқадан он атады, сонда да оқ өтпейді.

Осы мифтік ақпараттарды айтушы қазақтың басын біріктіріп, хандық құрған Жәнібек батырдың қатардағы көп батырдың бірі емес екендігін көрсету үшін жырға әдейі қосып отырғандығы анық. Сонымен қатар бұл ақпараттар айтушының да, тыңдаушының да санасында әлі де мифтік ұғым-түсініктердің бар екендігін танытатындығы да шындық.. Мифтік ақпарат қоғамдық-әлеуметтік жағдай жақсарған кезеңдерде де, ақпараттық технология дамыған заманда да халықпен бірге өмір сүретіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, XIX ғасырдың соңғы онжылдығында баспасөзде жарияланған мақалада сол кездегі халық арасына тараған мифтік ақпараттар жайында айтылады: «1887 жылы Алматыда жер сілкінгенде қырға мынадай хабар(ақпарат С.М.) шықты – «Алматы жер астына түсіп кетіп, мұның орнында аппақ көл қалды. Бұл көлдің үстінде ит бас кісі ақ атқа мініп дамыл таппай әрі-бері шауып жүр дейді.» Осы тақылеттес тағы бір мифтік ақпарат былайша түрленеді: «Семейге барған адамдар бүйтіп айтып келді: «жақын арада екі басты бір үлкен алып ақ атқа мініп Ертістен өтіп кетті» деп. Бұл алып айтыпты: жақын арада Семей маңайында жер сілкініп, таулардың орнында көл болып Ертіс жанады» деп. Қызығы сол, осы мифтік ақпаратқа сенген адамдар «тасаттық береміз» деп бір бұлақтың басына жиналып, 15 қой сойған. Сол Алматыда болған жер сілкінісінен кейінгі мифтік ақпараттар жаңғырығы Зайсан оязына қараған Нарын деген жерде «жер астында көк өгіз өкіріп жерді көтеруге шамасы келмей жатыр» деп өзгерген. Бұл миф сонау көнеден келе жатқан «жерді көк өгіз көтеріп тұр» деген нанымнан қалған. Әлгі миф енді келесіде: «жер шіріп кетіпті, сол себептен көк өгіздің бір мүйізі жерді тесіп, Алматының орнынан шығып, ұшы көрініп тұр» деген мәтінде тараған. («Дала уалаяты». 1994: 374-375) Мифтік ақпараттар аты аңызға айналып, қоғамдық санадан берік орын алған тұлғаларға қатысты да ойдан шығарылады. Қазіргі мифтер елді дүрліктірген, жұрттың бәрін елеңдеткен, бірақ ақиқаты ашылмаған оқиғадан кейін немесе ерекше жаратылысымен айырықша мәшһүр болған тұлға туралы ойдан шығарылады. Ежелгі мифтік ақпараттар секілді қазіргі адам сенбейтіндей емес, естіген адам бірден иланып қалатындай мифтер тарайды.

Ертегілік ақпарат қоғамдық сананың жетілген кезінде дүниеге келген, арғы дәуірлердегі мифологиялық сана тудырған адам сенбейтіндей қыйал-ғажайып оқиғалар және кейіпкерлер жаңғырығы; бір замандарда болған кейіпкерлер мен оқиғалардың елесі; белгілі бір идеяны көздеп ойдан шығарылған кейіпкерлер, жер-су атаулары араласқан оқиғалар жиынтығы. Бір қызығы – мифтік ақпараттар кейінгі ертегілерде де пайдаланылады. Жан-жануарлардың да адам секілді сөйлейді деп түсінетін алғашқы қауымдық сана жаңғырығы ертегілік ақпарттарда да кездеседі. «Ханша мен баласы» деген новеллалық ертегіде мынадай сәт бар: «Бала молдасынан қайтып келіп, атына келсе, аты қайғылы болып тұрғанын көреді. Бала: – Ей, жануар, неге қайғырасың? – дегенде құдайдың құдыретімен тіл бітіп, аты айтады:

– Мен сенің өлуіңе қайғыланып тұрмын, – дейді. Бала: «қалай?» дегенде ат айтады:

– Сенің анаң ашынасының «сені өлтір» деген тілін алып, сені өлтірмек үшін ауқат қылып қойды.. Егер соны жесең, сен өлесің, – дейді.

Осы мифологиялық нанымнан туған оқиға үзігінен біз нендей ақпарат алып отырмыз? Біріншіден, мифтің кейіпкері адам қолынан келмейтін іс-қыймылдарға барса, ертегідегі кейіпкерлер (жан- жануар, аң -құстар, жансыз жаратылыстар) адам секілді әрекет етеді. Яғни, ат адам секілді қайғырады; адам сиақты ойлана алады; адамға ұқсап сөйлейді; адам тәрізді жанашыр болады; адамды өлімнен құтқарады.Дәл осы секілді аттың адам секілді сөйлегені ғана емес, оның көріпкелдігінің де, сыншылығының да болатынын эпостық жырлардың біріндегі Қосай батырдың Сары атының: «Мен... ат сынарға бардым. Бір соқыр қара бие жетті, не жетпеді, ішіндегі құлыны тұлпар екен», – деген сөзінен аңғарамыз. (Батырлар жыры. Т.3: 1987: 24) Бұл ақпараттар мифтік сананың адамзат дамуымен бірге жаңғыра, жағдаятқа орай үйлесе өмір сүре беретінін көрсетеді. Ал енді ертегілік ақпараттың өзіне келсек, бұларда айтылмақ ой, негізгі идея ақиқаттық болғанымен, кейіпкерлер, оқиғалар шын емес. Бұл туралы кезінде В.Я. Пропп фольклордағы оқиға және ондағы кейіпкерлер өмірде шын болған ба, болмаған ба, өмірдің дәлме-дәл көшірмесі ме, әлде айтушының ойдан шығарған шығармасы ма деген сұрақтар төңірегінде, яғни фольклордың өмірдің шын болмысына қатыстылығына ғылыми сараптама жасай келе үш түрлі қорытындыға келеді: Біріншісі – кез келген өнер секілді бүкіл фольклорлық жаратынды шынайылықты көздейді, өмірлік шындық туралы айтады. Тіпті шығарма бүгінгі ұғыммен қарағанда бастан-айақ қиялдан туған әрі өмір ақиқатына үш қайнаса да сорпасы қосылмаса да белгілі бір шындық арқылы өмірге келеді. Мәселе – шын болмыс дегеннің астарында дәуір, әлеуметтік және экономикалық қатынастар, ойлау қабілеті, көркем шығармашылық пен психология жатқандығын түсіне отырып, бұл оқиғаларды қандай шындық дүниеге әкелгендігін айқындауда. Екіншісі – халық өнері өмір шындығын көрсетеді, бірақ бұл көріністің пішіні мен мазмұны дәуіріне, сондай-ақ жанрына қарай әралуан болады да фольклор поэтикасының заңдылықтарына бағындырылады. Үшіншісі – кез келген фольклорлық туынды өмір шындығын көрсетуге ұмтылады. Яғни әуелгі туындыгер өз шығармасында белгілі бір идеяны діттейді. Бұл идея өмір шындығын шынайы суреттеу арқылы көрінеді. (Пропп :1998. 69-70).

Хикаяттық ақпарат – фольклорлық туындылардағы мифтік санадан кейінгі діни сана мен өмірлік сана тудырған идеяларға бағындырылған жаратушы мен пайғамбарлар, сахабалар, періштелер, шайтандар, мүміндер, күнәһарлар, тарихи тұлғалар, олар жайлаған мекендер және олар қатысқан оқиғалар туралы мағұлыматтар, ұғымдар, түсініктер жыйынтығы. Мұндағы ақпараттарда «кейде ойдан шығарылған, немесе діни кітаптардан алынған (Қасқабасов С. Ойөріс. Астана.: «Астана полиграфия», 2009. –171-б.) өте көне замандардан болған болуы мүмкін мағұлыматтар алға тартылады. Олардың арасында шын болған тұлғалар есімдері де, бүгінге дейін сақталған жер-су аттары да ұшырасады. Хикаятта діни наным сенімдердің жаңғырығы да, мифтік түсініктердің сүрлеуі де кездеседі.

«Әне-міне дегенше болған жоқ перғауын әскерлері ат шаптырым жерге келіп те қалды. Сол сәтте Хақ тағаладан хазірет Мұсаға: «Асатаяғыңмен теңізді ұр!»– деген уахи келді.

Мұса пайғамбар аса таяғымен теңізді ұрған кезде асау толқын ортасынан қақ жарылып даңғыл жол ашылды. Исрайыл халқы дереу сол жолмен суыт жүріп теңіздің арғы бетіне өте шықты». (Дереккөз: http://fatua.kz/kz/post/view?id=616) Осы ақпарат Райымбек батырға қатысты аңызда да айтылады. Райымбек батырға Іленің суын жарылып жол берген делінеді. (Байшығанұлы 2022: 190) Аңыздағы бұл ақпараттың мифтік әсірелеуге астасуы халықтың Райымбек батырға деген асқақ сүйіспеншілігі және оны ерекше қадір тұтқандығын көрсетеді. Бұрынғы пайғамбарлар туралы хикаяттық ақпарат санасында бар қазақ Райымбекті өз заманының пайғамбары деп білген де болған оқиғаның шарықтауына мифтік түсінікті қолданған.

Көнеден жеткен бір хикаятта әлемді билеген Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) билік те, байлық та алақанында болған соң тағы да бір нәрсе жетпей тұрғандай өз-өзінен пұшайман болып, байлық пен биліктің азабын кешеді.Ақыры мәңгі өмір сүрудің, яғни өлместің жолын іздейді. Сәуегейлер, балгерлер оған «мидай даладағы қасиетті құдықтың суын ішсең, мәңгі өлмейсің» деген соң қасына ең адал Қыдыр мен Ілиясты ертіп алып жолға шығады да ақыры құдықты табады. Қаталап келген Қыдыр мен Ілияс өздері өлместің суынан ішіп алған соң алтын құтыны Ескендірге берсе, ауызына апарғанша ондағы су мұз болып қатып қалады. Тағы да қайталайды. Тағы да қатып қалады, тағы да ішпек болса, тағы да сол жағдай қайталанады. Ойда жоқта жер астынан шыға келгендей қарсы алдына екі көзі соқыр шал тұра қалады да: «әлемнің әміршісі, бұл суды ішпе, мен де сен секілді патша болғанмын, осы суды ішемін деп «патшалық дәрежемнен айырылдым, қатын бала және достарымнан айырылдым. Енді екі көзім соқыр болып, жалғыздық қасіретіне қалып, жылаудамын» деген соң Ескендір жалған дүниеде тірі жүріп жарық дүниені көрмей, жалғыз жапа шеккеннің қандай қасірет екенін түсініп, суды ішпей төге салады. Одан кейін өлместің суын ішкен Қыдыр мен Ілияс мәңгі ғұмыр шегеді. «Қазақтардың сенуінше екеуі де дүние кезіп, рақымдыны жарылқап, күнәліні қарғап, екеуі де кешке келген қонақтарды қолдап жүреді. Ілияс теңізде, Қыдыр жерде...» Кейбір уақытта Қыдыр қонақпен бірге кешке кез келген үйге келеді. Егер үй иесі келген қонақты жақсы қарсы алса, «үй иесі байлыққа кіріп, бақытты болады». Кім де кім қонақ қылмай қайтарып жіберсе, қайғы қасыретте қалады. «Қайғы қасырет жалғыз өзінің басында болмай, бүкіл тұқымына кетеді.» Хикаятта айтылатын мынадай да ақпарат бар: «Қыдырдың бас бармағында сүйек болмайды. Аяғымен қай жерді басса, табаны тиген жерге жайқалып гүлдер, көгеріп шөптер өседі. Қыдыр өзі қандай тұрпатта болғысы келсе, бола салады». («Дала уалаятының газеті». 1992:196).

Осындағы ақпараттар адам нанғысыз. Бірақ, халық осы әдейі белгілі бір мақсатпен ойдан шығарылған ақпараттарды айтып, ұрпақтарына ұлағат етеді. Тыңдаушы шүбәсіз сенсін деп әлемге әйгілі, аты аңызға айналған тарихи тұлға – Ескендір Зұлқарнайынды яғни Александр Македонскийді бас кейіпкер етіп алады. Бұл адам тарихта болғандықтан да осының айналасында айтылған жайттарға тыңдаушы иланады. Егер ақпарат әлемді билеген Ескендірге емес, жәй бір қарапайым көп адамның біріне қатысты айтылса, сенімсіз болар еді де тез ұмытылар еді. Келесі кейіпкерлер – Қыдыр мен Ілияс. Бұлар – діни сана тудырған және ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан, өмірде болғаны да, болмағаны да ғылыми негізде дәлелденбесе де мұсылмандар діни наным бойынша әлі

күнге өмірде бар деп сеніп келе жатқан мифтік бейнелер. Қыдыр ата туралы деректер де, ұғымдар да әр түрлі. Бірде «Қыдыр ата (а.с) – Ислам дініндегі пайғамбар»,- делінеді. (nurlybek-sabr.islam.kz›kk/post/qydyr-ata-turaly-…) Құран Кәрімнің «Кәһф» сүресіндегі 60-82 аяттарда оған Мұса пайғамбардың ілім, білім үйренуі үшін бірге еріп жүргені жөнінде баяндалады. Сол аяттарда Мұса пайғамбарға қарағанда Хидрдың көріпкелдігі, көрегендігі артық екендігі дәлелденеді. Осындағы 65-аятқа берілген қосажарда: «Хидр – аса ұлы Аллаһтың ізгі және ілімді құлдарының бірі. Сенімді анық тұжырым бойынша, Хидр пайғамбар болмаған. Мұса... дін, шариғат мәселелерінде Хидрдан артық білгенімен, кейбір мәселеде аса ұлы Аллах Хидрға артық білім берген еді» делінген. (Құран Кәрім. 2015: 331-332)

Демек, Хидр ешқандай пайғамбар емес, Құран аяттарындағы Алла ерекше жаратқан қасиет иесі екендігі айтыла-айтыла мифтік бейнеге айналған тұлға. Осы Қыдырдың ғажайып ерекшеліктерге ие екендігін айту арқылы хикаят айтушы көшпелі елдің санасына «кешке келген қонақпен бірге қыдыр кіреді» деген ұғымды енгізу арқылы қонақты қарсы алу, күту, шығарып салуды қасиетті іске, сауапты әрекетке, бұлжымас әдепке айналдыруды мақсат тұтқан. Хикаятта айтылған Зұлқарнайынның өлместің суын іздеуі; Қыдыр мен Ілиясты ертіп құдықты табуы; өлместің суын Қыдыр мен Ілиястың ішіп мәңгілікке жол алуы; Зұлқарнайынның ішпек болғанымен соқыр аруақтың адам бейнесінде келіп оған ішкізбеуі; сөйтіп Зұлқарнайынның мәңгілік емес, о дүниелік болуы; Қыдыр мен Ілиястың әлі де тірі, осы қазір үйге қонақпен (Мұсаның Қыдырға ергені секілді) бірге еріп кез келген үйге келетіндігі; онымен қоймай Қыдырдың бас бармағында сүйегінің болмауы; басқан жеріне шөптің қаулап өсуі («жүрген жеріне шөп шықпайды» деген тұрақты тіркес осыдан қалған) бәрі де жоғарыда айтылған түпкі мақсатқа бола ойдан құрастырылған ақпараттар. Ойдан шығарылғанымен тарихи тұлға мен құрани тұлғалардың негізгі кейіпкер болуы да әрі мифтік әрі діни санадағы тыңдаушыны еріксіз иландырады. Көшпелі қазақ қонақты неге асыға күтеді? Өйткені6 ол күні бойы тіршілікпен жүреді де кешке қолы босайды. Қолы босаған соң ол «мына дүниеде не болып жатыр өзі?» деген сұраққа жауап іздейді. Жаңа ақпарат естігісі келеді. Ондай ақпаратты күнде өзі көріп жүрген ауыл адамынан емес, сырттан, әсіресе алыстан келе жатқан жолаушыдан көбірек естійді. Сондықтан да, сайын далада қыста қыстауға, көктемде көктеуге, жазда жайлауға, күзде күздеуге барып көшпелі өмір сүріп жатқан ақпаратқа құштар қазақ үйіне қонақтың келуіне мұқтаж. Қонақтың келуі – қазақ үшін ақпараттың келуі, жаңалықтың жариялануы. Бұл өмірлік қажеттілік уақыт өте келе дәстүрге енген әдепке айналған. Әдептен озу әр қазаққа ұят, ал жаңа ақпараттан құр қалу қазақ үшін өмірден құралақан қалумен барабар саналған. Қонақты келтіру арқылы тың ақпарат алу үшін де жоғарыдағыдай Қыдыр туралы хикаят шығарып, тарату керек болған. Демек, хикаяттық ақпараттар да өз кезегінде қоғамдық санаға қозғау салып қана қоймай, қоғаммен бірге өмір сүреді. Кейінгі тыңдаушы «болды» дегеннің бәріне сенбесе де ондағы айтылар негізгі идея үшін құлақ түреді, зейін қояды.

Фольклорлық мұралардың жанрлық-сатыланбалық табиғатына қарай аңыздық ақпараттар туралы да ғылыми ізденіс керек-ақ. Аңыз дегеніміз – мифтің де, ертегінің де, әфсананың да, хикаяттың да сипаттарынан сусындаған өмірге жақын, өмірде болған

шынайы оқиғалар, нақты деректер негізінде ауызша туындаған, ауызша тараған халықтық жаратынды. Оның да төлиесі –халық. Халықтың өкілі оқиғаны өз көзімен көргеннен кейін өзгеге болғанды болғандай еш қоспасыз айтады яғни ол туралы дәл де шын ақпарат береді. Осы шын ақпаратта мекен де, мезгіл де, нысан да, сол қалпы жеткізіледі. Осы алғашқы шын ақпарат айтылған сөз жаратындысы не деп аталуы керек? Әлбетте, ол – аңыз емес. Аңыз болмайтын себебі – оның негізінде тарихи ақиқат, нақты факт болғанымен, кейінгі айтушылардың айту шеберлігіне және тыңдаушылардың қабылдау қабілетіне қарай бастапқы шындық өзгеріске түсе бастайды. Ал, бастапқы оқиға туралы ақпарат замансөз (публицистика) жанрларының бірі – реопортаж болатын. Репортажды қазіргі қазақ журналистері «оқиғат» деп аударып қолданып жүр.(Медеубекұлы 2018:233) Оқиғат (оқиға+ақпарат) аңызға дейінгі ақпараттық бітімі толық замансөздік жанр ретінде журналистиканың электрондық салаларында жиі қолданылады. Фольклорда әлбетте ауызша айтылып ауызша таралғаннан кейінгі түпнұсқа яғни оқиғат өз болмысын жоғалтады да аңызхға айналады.

Халық уақыт талабы, ұрпақ сұранысына қарай «әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік пайымына, ұғымына сәйкес» (Қасқабасов 2009:177) аңыздың мазмұнындағы ақпараттарды да жаңғыртып отырады. Аңызда мифтік ақпарат та, ертегілік ақпарат та, хикаялық ақпарат та кездеспейді. Айтушы қиялдан туындаған қисынды ақпарат іздемейді. Аңыздық ақпарат ертегілік немесе хикаяттық ақпарат секілді ойдан да шығарылмайды. Ондағы ақпарат тарихи шындыққа сүйенеді. Бірақ, аңыздағы шындықтың ұрпақ ауысқан сайын дәлдігі мен нақтылығы көнере бастайды. Әйтсе де, тарихи шындықтан ауытқымайды. Өйткені оның ақпаратында нақты тұлға және нақты мекен тұрады. Рас, кейде белгілі бір тарихи тұлға басынан кешкен оқиғаны өзге тұлғаға теліп айту да ұшырасады.Бірақ солай болса да негізгі тарихи шындық сілемі сақталады. Мысалы, тарихи аңыздардың бірінде Абылай ханның жас батыр Жәнібекті сынамақ болып түннің бір уағында, нөсерлі жаңбырда айдаладағы жалғыз бейіттің ағашын отынға алып келуге жұмсайды. (Бабалар сөзі. 2012: 105-106) Дәл осы жас Жәнібек батырды сынау туралы ақпарат Жасыбай батыр туралы аңызда да қайталанады. (Бабалар сөзі. 2012:148-149) Мұнда батырды сынау туралы ақпарат қайталанғанымен, кейіпкер де, елді мекен де өзгерген. Осындай өзгерістердің нәтижесінде тарихи шындық туралы ақпарат бірте - бірте күмән тудыра бастайды. Бұл жөнінде аңыз жанрын айқындаған С.Қасқабасов: «Әрине, ауыздан ауызға, біреуден біреуге айтылып жүргенде фактінің кейбір детальдары, болмаса ол туралы жалпы хабар (бізше ақпарат С.М.) өзгеріске ұшырауы мүмкін, тіпті кейде жалған болып шығуы да ықтимал», - дейді. (Қасқабасов 2009:177). Соның өзінде «аңыз түбі - ақиқат» дейтін қазақ аңыздағы жалған ақпаратқа күдіктенбейді. Күдіктенбейтін себебі – аңызда өмірде болуы мүмкін емес оқиға немесе адам қиялына сыймайтын кейіпкер туралы ақпарат болмайды, тыңдаушы айтушыдан ондай ғажайыптар мен кереметтер жөніндегі ақпаратты күтпейді, талап етпейді де. Аңыздғы ақпараттың атқаратын қызметі танымдық және тағылымдық болып келеді. Танымдық болатыны – тыңдаушы ондағы кейіпкердің кім екенін және оның басынан өткен оқиға туралы біледі. Әйтсе де, ондағы тағылымдық қызмет басым болады. Өйткені, кез келген аңыздың негізгі айтпақ болғаны –негізгі тұлғаның да, сол тұлға

қатысқан оқиғаның да қалай, қандай болғанынан гөрі солардың тоғысынан туындағын өнеге боларлық ақпараттар жиынтығы.

Кейде бұрынғы айтушылардан жазып алынған аңызда болмаған ақпараттар кейінгі айтармандар мен жазармандар тарапынан қосылатындығы да аңыздың түрлену сипатының бірі деп қабылдануы мүмкін. Бірақ кейбір қосындылар аңыздың ауызша айтыла-айтыла табиғи жолмен түрленуі нәтижесін айғақтамайды, керісінше жасандылыққа, тыңдаушы тарапынан болатын сенімсіздікке жол ашады. Бұл – жазба мәдениетінің араласуынан жүзеге асатын құбылыс. Осы жайтқа мысал ретінде мына бір аңызды көлденең келтіре кетуге болады. Оқан Жолдасбайұлы деген қарттан жазып алынып, баспасөз бетіне жария болғаннан кейін аңыздар жинағына енген «Қарқара» деген жер атауының қалай пайда болғандығы туралы аңызда Асанқайғы мен Қарқара есімді қыздан басқа тұлға жөнінде ақпарат айтылмаған. (Ел аузынан. 1989:127-130) Осы аңызға кейінгі оқырман-жазармандар тарихи тұлғалар есімдерін енгізіп қайта жариялған. (Бабалар сөзі. 2012.) Егер сараптап көрсе, алғашқы аңыз әлдеқайда көне замандарда болған оқиға туралы баяндайды, ал кейінгі аңыз ақпараттары кешегі сырымбеттердің заманында болған оқиға жөнінде мағұлымат береді. Алғашқы аңыздағы ақпараттардың көне болуының бір дәлелі – онда батырдың да, ру ақсақалының да аттары айтылмайды. Демек ұмытылған. Ал Асанқайғы есімі аңыз басында жердің шұрайлылығын айту үшін ғана пайдаланылған соң кейінгі баяндалатын негізгі оқиға ақпараттарына қатыстырылмайды. «Қарқара» деген атау тек қазақ жерінде емес, басқа елдерде де, мысалы Қырғыз, Монғолия, Хакасия, Әзербайжан жерлерінде де бар. Сондықтан да негізгі кейіпкерлердің аты-жөнінің ауызға алынбауы және аңызға арқау болған топонимикалық атаудың беришарының бірнеше нүктесінде кездесуі бұл аңыздың арғы замандардан келе жатқандығын тағы бір дәлелдесе керек.

Тарихи аңыздардағы ақпараттарға қатысты мынадай жайт та кездеседі. Оны Шақшақ Жәнібекке қатысты жарияланған аңыздан көреміз. Асқар Тотанайұлы деген автор ел арасынан жинап, жариялаған «Батырдың тууы, жас шағы» деген аңызды («Жұлдыз» 1995: 194-195) Рашит Каренов деген автор «Тауасар батырдың жас шағы» деген тақырыппен береді. («Қазақ батырлары» 2005:5) Бір қызығы – кейінгі жарияланымда алдыңғының «Шақшақ Жәнібектен: - Баламызға ат қойып беріп, әруағыңызбен қорғай жүріңіз, - деп тілек етеді» деген сөйлемінен бастап, «Әумин!» деп бетін сипайды» деген сөйлемге дейінгі ақпараттарының барлығы үтір, нүктесі де өзгертілмеген күйі жарияланған.

Әсте алғаш айтушыдан жазып алынып, тасқа басылғаннан кейін оған толықтыру енгізу немесе өз атынан көшіріп жариялау қаншалықты дұрыс және кейінгілердің моральдық ықтиярлығы қаншалықты заңды екендігін анықтау– бүгінде басы ашылмаған мәселе.

Аңыздық ақпараттар тарихи шындықтан хабар береді дедік. Шындығында ондағы өмірде болған кейіпкерлер және солардың басынан өткен шынайы оқиға ақпараттары неғұрлым түсінікті, тиянақты, тым әсерелеусіз, асыра мадақтаусыз ұсынылады. Кейіпкерлер өмірден әлдеқашан өтсе де, оқиғалар болған уақытынан бері талай заман артта қалса да халық ол аңыздың танымдық және тағылымдық ақпараттары үшін жадынан шығармай ұрпағына ұластырады. «Фольклорлық прозаның басқа жанрларына қарағанда аңыздың танымдық қызметі айқынырақ, ол елдің өткен тарихынан, өмірінен

мағұлымат береді, яғни аңыз жұрттың білімін көбейтеді». (Қасқабасов 2009:179) Бірақ, аңыздағы ақпараттың бәрі тарихтың айна-қатесіз баяны деп түсіну ағаттық болар еді. Аңыздағы ақпарат та бір адамнан екінші адамға ауысқанда дәл сол қалпында қайталанбайды. Әр айтушы негізгі шындықты сақтай отырып, айтпақ болған түпкі идеяны ұстанып, оқиғаны жинақтайды, сығымдайды, тиянақтайды тіпті түрлендіреді, көркемдендіреді. Мұның өзі тыңдаушының талғамы мен талап--тілегіне орай жүзеге асады. Аңыздың топонимикалық түрлерінде айтылатын кейбір ақпараттардың мазмұны белгілі бір тарихи оқиғаларға немесе тарихи тұлғалардың басынан өткен жағдаяттарға қатысты баяндалады. Енді бір топонимикалық аңыздардың ақпараттары «нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндалады». (Қасқабасов 2009:188). Біз топонимикалық аңыздар «белгілі бір жер-судың пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай әңгімелейді» (Қасқабасов 2009:188). дей алмаймыз. Өйткені, топонимикалық кейбір аңыздардың ақпаратында мифтік сана елес береді. Ондай аңыздың бірі «Қабанкөл» деген көлдің атауының пайда болуына қатысты:

«Көлдің басында бір қасапшы тұрыпты. Ол елге өлген малдың етін сатады екен. Оның елге өлген малдың етін сататынын бір әулие кісі біліпті. Әулие кісі қасапшыға келеді. Келсе, қасапшы пышағын тісімен тістеп, екі қолымен өлген малдың етін шауып, елге сатуға дайындап жатыр екен. Әулие кісі қасапшыға: «Сен Пайғамбардың заңын бұздың, бауырларыңа өлген малдың етін жегіздің», – депті. Қасапшы: «Олар менің бауырларым емес»,-деп, келген кісінің сөзін тыңдамайды. Сонда әулие қасапшыға: «Арамды жеп күн көретін хайуан бол»,-депті. Құдайдың құдыретімен көлдің басында тұрған қасапшы сол сәтте қабанға айналыпты, көл Қабанкөл атаныпты» (Дәдебаев 2020:154) Осындай мифтік сарындағы ақпарат келесі бір топонимикалық аңызда да айтылады. «Тәңіртаудан бөлініп шыққан Қазығұрт тауының биігінде су құламасы бар. Аққұмнан шыққан өзеннің жоғары ағысының екі жағасы бірте-бірте биік жарға ұласады. Жардың батыс жағалауы жағындағы беткейі түгелімен ұзынынан тік тұрған тас мүсіндерге айналады. Тас мүсіндер сәукелелі науша бойлы қыздардың кейпіне ұқсайды. Жар беткейіндегі осы тас мүсіндер «Қырық қыз» деп аталады. Аңыз бойынша, елге тұтқиылдан жау шапқанда қырық қыз : бізді жау қолына түсіріп, қор қылғанша, тасқа айналдыра гөр!»,-деп Жаратқанға жалбарыныпты. Жаратқан күнәдан таза, періштедей пәк жандардың тілегін қабыл етіпті». (Дәдебаев 2020:214) Көріп отырғанымыздай мысалға алынған екі аңызда да көлдің, тас мүсін атауларының пайда болуы мифтік сана тудырған оқиғаға байланысты екен. Аңыздарда, оның ішінде жер-су аңыздарында алғашқы қауымдық санадан қалған «жер бетіндегі жаратындының бәрінің жаны бар және олар бірінің болмысын бірі қабылдай береді» деген мифтік ұғымнан туған ақпараттардың болуы табиғат тылсымында, сонымен бірге тау мен тастың, судың қалай пайда болатыныдығының құпиялылығында болса керек.

Аңыздың ақпараттар кейінгі өмірде де ел ішінде өмір сүреді. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің атағы аспандаған, дақпырты күшейген жылдары «Сәкен Сейфуллин көзінің қыйығын ғана тастаған келіншек «Сәкен маған көз салды» деп үш күн ұйықтамайды екен» немесе «Сәкен басына жастық қоймай ұйықтайды екен» болмаса «Сәкен адамға мойнын қозғамай бар денесімен тұтас бұрылып қарайды екен» деген ақиқаты айқын

емес аңыз тараған. Қазақтың футболисі Тимур Сегізбаевтың атағы аспандап тұрған кезде де ел ішіне: «Тимур Сегізбаев оң аяғымен қатты тепсе, доп жарылып қалады екен», «тепкен доп қарсыластың қақпасын тесіп өтеді екен» «сондықтан оған оң аяқпен тебуге тыйым салыпты» деген мифтер тараған. Демек аңызды қ ақпараттар да өміршең екен. Мәселе соларды дер кезінде жыйнап, зерттеп, зерделеп, ғылыми айналымға қосуда.

Өлең-жыр ақпараттары. Әрине, фольклордағы өлең-жыр дегенде алдымен эпостық жырларды яғни батырлық жырларды, ғашықтық жырларды, тарихи жырларды, сонымен бірге қара өлең, бәдік, беташар, жар-жар, сыңсу, жоқтау, дауыс, жаңылтпаш, мақал, мәтел т.б. айтамыз. Өлең мен жырдағы ақпараттар халық прозасындағыдай қара сөзбен, қарапайым тілмен ауызекі баяндау мәнерін сақтай отырып айтылмайды. Өлең-жыр ақпараттары поэзия тіліне бағындырыла айталады. Яғни буынға, бунаққа, ырғаққа, ұйқасқа, жолға, қатарға, шумаққа тәуелді болады. Он екі буынды қара өлең үлгісінде болсын, немесе жеті я сегіз буынды жыр үлгісінде болсын, айтылған ақпараттар неғұрлым ықшамдалған, сығымдалған түрде жеткізіледі.

Қорытынды

Фольклорлық туындылардың ашылмай жатқан қырлары әлі де көп. Өйткені ол халықпен бірге өмір сүреді. Ұрпақ жаңғырады. Талғам жаңарады. Байырғы фольклорлық жаратындылардың айтылу, таратылу, тыңдалу, қабылдану үдерісі жаңғырғанымен, оның түпкі айтпақ ойы сақталып қалады. Сақталып қалған идейаны жеткізуге қызмет еткен ақпараттар заманның талабы, уақыттың сұранысына, ұрпақтың талғамына қарай түрленеді, қысқарады немесе көбейеді, болмаса сығымдалады. Яғни, қоғамдық сана сүзгісінен өтеді. Бұл құбылыстарды ғылыми негізде анықтау үшін алдымен «фольклорлық ақпарат» дегеніміздің не екендігін, оның айқындамасын анықтап, түрлерін саралап, табиғатын танып алу – әуелгі міндет болмақ. Бұл бағытта тұңғыш жазылып отырған мақала аталмыш міндетті атқаруға жолашар болады деп үміттенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Путилов Б.Н. Фольклор и народная культура. - Санкт-Петербург. «Наука», 1994.

2. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – СПб: Издательство «Питер», 2021.

3. Қасқабасов С. Ойөріс. (Фольклор туралы). – Астана: «Астана полиграфия», 2009.

4. Байтұрсынов А.Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер (құраст. Шәріпов., Дәітов С.) – Алматы: «Жазушы»,1989.

5. Неклюдов С.Ю. Сборник к 60-летию А.К. Байбурина. Редакторы: Н.Б. Вахтин и Г.А Левинтон при участии В.Б. Колосовой и А.М. Пиир (Studia Ethnologica. Труды факультета Этнологии. Вып. 4). С-Петербург: Европейский университет в Санкт-Петербурге, 2007. С. 77-86

6. «Сүлеймен мен диханшы». Бабалар сөзі.: Жүзтомдық. Новеллалық ертегілер. –Астана: «Фолиант», 2011, Т.76.

7. «Алпамыс батыр». Батырлар жыры. –Алматы. Жазушы, 1986.

8. Херай. Жапон аңыздары. / ағылшын тілінен аударылған. М.: Центр «ПРО», 1991.

9. Мәсімханұлы Д. Қытай туралы қырық сөз.Ғылыми зерттеулер, очерктер, сұхбаттар. –Астана: Фолиант,2014

10. «Еңсегей бойлы ер Есім». Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Тарихи жырлар. –Астана: «Фолиант», 2009. Т.56.

11. Қазақ халық әдебиеті.: көп томдық/Құрастырып, түсініктерін жазған М. Ғұмарова Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы –1987. Т.3.

12. Пропп В.Я. Поэтика фольклора. – Москва: «Лабиринт», 1998.

13. Байшығанұлы К. Толық шығармалар жинағы. - Алматы.: «Үшқиян», 2022ж. Т. 1.

14. Қазақтың қонақ күту турасынан. «Дала уалаятының газеті». Әдеби нұсқалар. – Алматы: «Ғылым», 1992.

15. Құран Кәрім. Мағыналар мен түсіндірмелерінің аудармасы. –Алматы, 2015.

16. Медеубекұлы С. Замансөз: генезис және типология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

17. «Абылай ханның Жәнібекті сынауы». Бабалар сөзі.: Жүзтомдық. Тарихи аңыздар. –Астана: «Фолиант». 2012. Т.87.

18. «Жасыбай батыр». Бабалар сөзі.: Жүзтомдық. Тарихи аңыздар. –Астана: «Фолиант», 2012. Т.87.

19. «Сырлы төбе». Ел аузынан. Құрастырушылар: Б.Адамбаев, Т. Жарқынбекова. –Алматы, «Жазушы», 1989.

20. «Қарқара туралы аңыз». Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Топонимикалық аңыздар. – Астана: «Фолиант», 2012.

21. Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары. –Алматы: «Дәуір», 2020.

References

1. Putilov B. N. Fol'klor i narodnaja kul'tura. [Folklore and folk culture]. (–Saint-Petersburg. "Nauka", 1994). [in Russian]

2. Propp V. Ya. Istoricheskie korni volshebnoj skazki. [The historical roots of a fairy tale]. (Peter Publishing House, 2021). [in Russian]

3. Kaskabasov S. Oioris. (Fol'klor turaly). [Thought (About folklore)]. (–Astana. "Astana Polygraphy", 2009). [in Kazakh]

4. Shygarmalary: Olender, audarmalar, zertteuler (kurast. Sharipov., Daitov S.) [Education Baitursynova A.: poems, translations, research] (comp. Sharipov., Dautov S.) (–Almaty: "Zhazushy", 1989). [in Kazakh]

5. Neklyudov S. Y. Sbornik k 60-letiju A.K. Bajburina. Redaktory: N.B. Vahtin i G.A Levinton pri uchastii V.B. Kolosovoj i A.M. Piir [. A gathering for the 60th anniversary of A. K. Bayburin. Editor: N. B. Vakhtin and G.A. Levinton with the participation of V. B. Kolosova and A.M. Piir (Studia Ethnologica. Proceedings of the Faculty of Ethnology. Issue 4]). (–St. Petersburg: European University in St. Petersburg, 2007. pp. 77-86). [in Russian]

6. «Sylejmen men dihanshy». Babalar sozi. ["Solomon and farmer"" The word of the ancestors]. (–Astana: "Folio", 2011, Vol. 76: Fairy tales of the novel). [in Kazakh]

7. «Alpamys batyr». Batyrlar zhyry. ["Alpamys batyr". The song of heroes]. (–Almaty. Writer, 1986). [in Kazakh]

8. Heraj. Zhapon anyzdary. [Herai. Japanese legends]. (Translated from English. –Moscow: Center "PRO", 1991). [in Kazakh]

9. Masimkhanuly D. Kytaj turaly kyryk soz. Gylymi zertteuler, ocherkter, suhbattar. [Forty words about China.Scientific research, essays, interviews]. (–Astana: Folio, 2014). [in Kazakh]

10. «Ensegej bojly er Esim»["Yensegey boily er Esim"]. (The word of the ancestor: Hundred-volume. – Astana: "Folio", 2009. vol. 56: historical psalms). [in Kazakh]

11. Kazak halyk adebieti. [Kazakh folk literature]. (multi-volume/compiled and written by M. Gumarova. Vol. 3: song of heroes. –Almaty, "Zhazushy", 1987). [in Kazakh]

12. Propp V. Ya. Pojetika fol'klora. [The poetics of folklore]. (–Moscow, "Labyrinth", 1998). [in Russian]

13. Baishyganuly K. Tolyk shygarmalar zhinagy. [Complete works]. (Item 1, –Almaty."Ushkiyan", 2022). [in Kazakh]

14. Kazaktyn konak kytu turasynan. «Dala ualajatynyn gazeti». [From the Kazakh guest house directly. The Newspaper of the Steppe Valayat. Literary versions]. (– Almaty, Nauka, 1992). [in Kazakh]

15. Kuran Karim. Magynalar men tusindirmelerinin audarmasy. [Koran Karim.Translation of knowledge and interpretations]. (–Almaty, 2015). [in Kazakh]

16. Medeubekuly S. Zamansoz: genezis zhane tipologija: oku kuraly. [Samansoz: genesis and tipologius]. (– Almaty, "Kazak universitety". 2018) [in Kazakh]

17. «Abylaj hannyn Zhənibekti synauy». ["The trial of Abylai Khan by Zhanibek "]. (The word of the ancestors. One hundred volumes. –Astana: "Folio". 2012. vol. 87). [in Kazakh]

18. «Zhasybaj batyr». ["Zhasybai batyr"]. (The word of the ancestors.: Hundredth. –Astana: "Folio " 2012. Volume. 87). [in Kazakh]

19. «Syrly tobe». El auzynan. Kurastyrushylar: B.Adambaev, T. Zharқynbekova. ["Cheese hill". From the mouths of countries. Compiled by B. Adambayev, T. Zharkynbekova]. (–Almaty, "Zhazushy", 1989). [in Kazakh]

20. «Karkara turaly anyz». ["The Legend of Karkar"]. (The word of the ancestors. Hundred-volume. – Astana: "Folio", 2012.) [in Kazakh]

21. Dadebaev J. Taraz olkesi: tau men dala anyzdary. [Taraz region: a legend of mountains and steppes]. (–Almaty: "Era", 2020). [in Kazakh]

Медеубек С.М.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сущность и значимость фольклорной информации

Аннотация. В данной статье автор размышляет над новой темой, ранее не затрагивавшейся в фольклористике и науке информации. Он впервые вводит термин «фольклорная информация» и раскрывает его природу. Впервые определяется сохранность фольклорной информации в памяти народа, ее жанрово-этапное деление, содержательно-формовые характеристики, функциональная трансформация. «Мифическая информация», «сказочная информация», «легендная информация», «стихотворно-песенная информация» по их жанрово-стадиальной природе, а затем по содержательно-формовым и исполнительским (функциональным) признакам классифицируется как «периодическая, т.е. «информация времени», «резидентная, т.е. пространственная информация», «поведенческая информация», «дескриптивно-описательная информация», «цифровая информация», «характерная информация» и т.д. и дается определение

каждому из них, приводя конкретные примеры. Статья интересна как фольклористам, так и журналистам-исследователям публицистики.

Ключевые слова: фольклор, информация, миф, сказка, легенда, стихотворение, время года, местность.

S.M. Medeubek
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The essence and significance of folklore information

Abstract. In this article, the author reflects on a new topic that has not previously been touched upon in folklore and information science. He introduces the term "folklore information" for the first time and reveals its nature. For the first time, the preservation of folklore information in the memory of the people, its genre-stage division, content-form characteristics, and functional transformation are determined.

"Mythical information", "fabulous information", "legendary information", "poetic and song information" according to their genre-stadium nature, and then according to their content-form and performance (functional) characteristics, it is classified as "periodic, i.e., temporary information", "resident, i.e., spatial information", "behavioral information", "descriptive-descriptive information", "digital information", "characteristic information", etc., and a definition is given to each of them, giving specific examples. The article is of interest both to folklorists and journalist-researchers of publicity.

Keywords: folklore, information, myth, fairy tale, legend, poem, season, area.

Авторлар туралы мәлімет:

Медеубек С.М. **–** филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Medeubek S.M. **–** Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.